

**"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стандарттау, метрология және экология республикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын жекешелендіру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 724 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стандарттау, метрология және экология республикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Стандарттау, метрология және экология республикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының мүліктік кешенін сатуды жүзеге асырсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*